«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№05- А-338/339
11.09.18ж.

«Ар Иман» мүгедектер қоғамдық қорының
директоры С.Аймағамбетовке
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Ембі қаласы, Жұбанов көшесі, 159 үй
телефон 8 (71334) 90523 ,22285 87711029531

Атырау облысы Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Сіздің «Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы"ММ №2755582-1 «Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға, емдеуден және оңалтудан өткен есірткеге тәуілді адамдарға, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробациялық есебінде тұрған адамдарға психологиялық қызмет көрсету арқылы социологиялық зерделеу (талдау) жұмыстарын жүргізу қызметі» мемлекеттік сатып алуына қарасты (03.09.2018ж кіріс № ЗТ-А-338) және Атырау облысы бойынша мемлекеттік сатып алу басқармасынан түскен өтінішінізді (04.09.18ж.ЗТ-А-338/1) қарап төмендегіні хабарлайды.

Жұмыс тәжірибесі бойынша

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағиданың (әрі қарай-Қағида) 233 тармағына сәйкес *«Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін өлшемшарттарды көздейді».*

Осы өлшемшарттар бойынша баллды конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептелетіні қаралған. Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес өлшем шарттын бірі болып- әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы каралған.

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасының ескертуіне сәйкес *«егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар* ***көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады***», ал «Ар Иман» мүгедектер қоғамдық қорының конкурстық өтінімінде жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар ретінде көрсетілген қызметтің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері жалғанбаған, тек мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарты жалғанған, сол себепті жұмыс тәжірибесі үшін өлшемшарт Қағида талабына сәйкес есептелінбеген.

Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторларына қатысты

Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес өлшемшарттың бірі болып- жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы көзделген,

оның ішінде сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы -2 балл, сандық және сапалық индикаторлардың болуы- 4 балл есептелінеді делінген.

Конкурс қатысушыларының ұсынған техникалық ерекшеліктерінде, жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша **тек сапалық индикаторы** белгіленген, демек 2 балл есептелінуі тиіс. Сол себепті «Ар Иман» мүгедектер қоғамдық қорыны 2 балл дұрыс есептелінген.

Камералды бақылау қорытындысымен анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданғаның қаперінізге береміз.

Сондай-ақ,берілген жаупқа қанағаттанбаған жағдайда Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқылысыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

орын.А.Дүйсенғалиева
Тел 319042